

Әкімшілік жиналыс хаттамасы

№1 хаттама

Өткізілген орны: ЖШС «Ақбастау» бөбекжай бала-бақшасы

Өткізілген күні: 05 – қыркүйек. 2022 жыл.

Қатысқандар: Бөбекжай меңгерушісі С.Байымбетов, әдіскер, медбике, шаруа меңгерушісі, балабақша тәрбиешілері және тәрбиеші көмекшілері

Қатысқандар саны: 15

Қатыспағандар саны: жок

Себептісі: Себепсізі:

Күн тәртібінде қаралатын мәселе:

1. Мектепке дейінгі ұйымның Нормативті-құқықтық құжаттарын талдау.
2. 1 қыркүйек - Білім күнінің қорытындысы
3. Жыл бойы өтілетін ертеңгіліктер мен сауықтыру іс – шараларын жоспарға сай бекіту
4. Салыстырмалы бақылау нәтижесі. Ортаңғы топтарда

Тыңдалды: Әкімшілік жиналысты бөбекжай меңгерушісі С.Байымбетов ашып беріп, күн тәртібінде қаралатын мәселелермен таныстырды.

Сөйледі: күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша бөбекжай әдіскері А.Сатыбалды сөйлеп, мектепке дейінгі ұйымда басшылыққа алынатын Нормативті-құқықтық құжаттар туралы айтып, таныстырды. Қазақстан Республикасы Оқу- ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығымен бекітілген «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартымен және 2022 – 2023 оқу жылына арналған әдістемелік нұсқау хатпен және Мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытуды дамыту моделі 2021 жылғы 15 наурыздағы № 137 қаулысымен таныстырды. "Мектепке дейінгі ұйымдарға және сәбилер үйлеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар" санитариялық қағидаларын бекіту туралы, Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2021 жылғы 9 шілдедегі № ҚР ДСМ-59 бұйрығы , Мектепке дейінгі білім беру саласында мемлекеттік қызметтер көрсету қағидаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 19 маусымдағы № 254 бұйрығы және т.б. басшылыққа алынып, орындауға тиісті нормативтік құжаттарда не талап өтілетіні жайлы түсіндірді.

Жарыссөзге шыққандар: медбике У.Бегимбаева сөйлеп, балалар денсаулығына және әр қызметкердің денсаулығына көп көңіл бөлініп, барлық қауіпсіздік шараларын сақтауға ұсыныс айтты.

Тәрбиеші Ш.Исабек сөйлеп, биылғы оқу жылында бала жасының ерекшеліктері әр топта қандай болу керек деген сұрақ қойып, жауап алды.

Сөйледі: күн тәртібіндегі екінші мәселе бойынша бөбекжайдың әдіскер А.Сатыбалды сөйлеп, «1 – қыркүйек Білім күні» мерекесі жаңа оқу жылында жабық форматта, ата – ананың қатысуынсыз өтіп, барлық топтың жас ерекшеліктеріне қарай Білім күнінің маңыздылығы, мәні туралы тақырыптық сабақ өткізілгенін айтып, өткізілген тәрбие жұмысының мақсаты мен барысы айтып туралы айтып өтті.

Жарыссөзге шыққандар: Г.Еримбетова сөйлеп, карантиндік шектеу шаралары кезеңінде оқу – тәрбие жұмыстарын жүргізуге көп ізденіп, тәжірибе жинақтау керек екені жайлы ұсыныс айтты.

Сөйледі: күн тәртібіндегі үшінші мәселе бойынша музыка жетекшісі Жолдас Ерлан сөйлеп, жыл бойы өтілетін ертеңгіліктер мен сауықтыру іс – шараларымен таныстырды. Педагогтар әр топта өтілетін ертеңгіліктерді бекітілсін деген ұсыныс айтты.

Сөйледі: күн тәртібіндегі төртінші мәселе бойынша бөбекжайдың әдіскері А.Сатыбалды сөйлеп, ортаңғы топтарда салыстырмалы бақылау нәтижесі жайлы айтты. Ортаңғы «Балапан» және «Балбөбек» топтарында үлгілік оқу бағдарламасын балалардың меңгеру деңгейі, тәрбиешінің оқыту әдістемесі, балалардың өз алдына жұмыс істеу қабілеті, тәрбиешілердің іс – құжаттарды жүргізуі, ата- аналармен байланыс, апталық циклограмма бойынша жүргізілетін барлық оқу – тәрбие жұмыстары салыстырылып, анықтамасы жазылғанын және оқу жылының ортасында тағы да салыстыру жұмыстары болатынын айтты.

Әкімшілік жиналыстың шешімі:

1. Бөбекжайдың оқу – тәрбие жұмыстары мектепке дейінгі ұйымның нормативті-құқықтық құжаттарын басшылыққа алынып жүргізілсін.
2. 1 қыркүйек - Білім күнінің қорытындысы жақсы деп бағалансын.
3. Жыл бойы өтілетін ертеңгіліктер мен сауықтыру іс – шаралары жоспарға сай бекітілсін
4. Ортаңғы топтардағы салыстырмалы бақылау нәтижесі жақсы деп бағаланып, салыстырмалы бақылау жалғастырылсын

төрайымы

Хатшы:



С.Байымбетов

А.Сатыбалды

Әкімшілік жиналыс хаттамасы

№2 хаттама

Өткізілген орны: ЖШС «Ақбастау» бөбекжай балабақшасы

Өткізілген күні: 10 – қазан. 2022 жыл.

Қатысқандар: Бөбекжай меңгерушісі С.Байымбетов, әдіскер, балабақша тәрбиешілері

Қатысқандар саны: 15

Қатыспағандар саны: жоқ

Себептісі: 1 Себепсізі: жоқ

Күн тәртібінде қаралатын мәселе:

1. Мектепке дейінгі жалпыға міндетті білім беру стандартына талаптарына сәйкес ұйымдастырылған әрекеттер жоспарының жазылу үлгісін талдау.
2. Ұйымдастырылған іс – әрекет мен тәрбие жұмысының барысын бақылау туралы.

Тыңдалды: Әкімшілік жиналысты бөбекжай меңгерушісі С.Байымбетов ашып беріп, күн тәртібінде қаралатын мәселелермен таныстырды.

Сөйледі: күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша бөбекжай әдіскері А. Сатыбалды сөйлеп, биылғы жаңа мектепке дейінгі жалпыға міндетті білім беру стандартының талаптарына сай ұйымдастырылған іс- әрекет жоспарының жазылу үлгісіне талдау жасады. Білім беру стандартының талаптарына сай әдістемелік хатта перспективалық жоспар және циклограмма қалай құрылатыны көрсетіледі. Үлгілік бағдарламадағы міндеттер балаларға ойын ойнату арқылы орындайды деді. Іс – әрекеттердің уақытына шектеу қойылмайтынын және баланың қызығушылығына қарай күнделікті ойын түрінде жүргізілетінін түсіндірді. Циклограммада күні бойы жүргізілетін іс-шаралар, жұмыстар жоспарланатынын айтып өтті.

Жарыссөзге шыққандар: Тәрбиеші Б.Коспакова сөйлеп, вариативтік компонент бөлімін циклограмманың қай уақытына жоспарлайтыны туралы сұрақ қойып жауап алды.

Сөйледі: күн тәртібіндегі екінші мәселе бойынша меңгеруші С.Байымбетов сөйлеп, ұйымдастырылған іс -әрекеттер мен тәрбиелік іс-шаралардың барысын бақылау туралы айтты. Бақылау педагогикалық қателіктердің алдын алу және кемшіліктерді жою үшін жүргізілетінін айта келе, күнделікті оқу қызметтерінің өткізілуін бақылап жүргенін айтты. Оқу қызметтері оқу қызметтерінің кестесіне сай барлық топта өткізілуде. Алайда кейбір тәрбиешілердің оқу қызметіне дайындығы төмен болған жағдайлар кездеседі. Ол тәрбиешіге сол уақытта ұсыныс, ескерту айтылады.

Әкімшілік жиналыстың шешімі:

1. Ұйымдастырылған іс - әрекеттердің жоспарлары мектепке дейінгі жалпыға міндетті білім беру стандартының талаптарына сай жүргізілсін.
2. Ұйымдастырылған оқу қызметі мен тәрбие жұмыстарының барысын бақылау жалғастырылсын

төрайымы

Хатшы:



С.Байымбетов

А.Сатыбалды

Әкімшілік жиналыстың мәжіліс хаттамасы

№3 хаттама

Өткізілген орны: ЖШС «Ақбастау» бөбекжай балабақшасы

Өткізілген күні: 01 – қараша 2022 жыл

Қатысқандар: Бөбекжай меңгерушісі С.Байымбетов, әдіскер, медбике, шаруа меңгерушісі, балабақша тәрбиешілері және тәрбиеші көмекшілері

Қатысқандар саны: 14

Қатыспағандар саны: 1

Себептісі: 1 Себепсізі: жоқ

Күн тәртібінде қаралатын мәселе:

1. Балалардың мәдени- гигиеналық талаптарының орындалуы .Жедел бақылау.
2. «Алтын күз» ертеңгілігінің қорытындысы.
3. Дөңгелек үстел. «Мектепке дейінгі оқыту мен тәрбиелеудегі жаңартылған бағдарлама бағыттары»

Тыңдалды: Әкімшілік жиналысты бөбекжай меңгерушісі С.Байымбетов ашып беріп, күн тәртібінде қаралатын мәселелермен таныстырды.

Сөйледі: күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша бөбекжай медбикесі У.Бегимбаева сөйлеп, балалардың мәдени-гигиеналық талаптарының орындалуы атты жедел бақылау жүргізілгенін айтып қорытындылады. Қазіргі карантин талаптарын орындау бойынша нұсқаулықта көрсетілген талаптарды орындалуы жайлы айтты.Балалардың тамақ алдында, дәреттен соң қолдары жуылады.Қол сүрткіштер бір рет қолдануға арналған саны жеткілікті. Балалардың тазалықтары күнделікті тексеріліп тұр.Топтардың,жатын бөлмелердің,асхананың тазалықтары тексерілгенін, бақыланғанын айтты.Күнделікті ылғалды тазалау,аптасына күрделі тазалау жұмыстары жүргізілуде деді.Мәдени-гигиеналық талаптарды орындамай қалған қызметкерлерге дер кезінде ескертулер беріліп,түзетілді деп айтты.Сонымен қатар әр топта ыдыс аяқ жууға арналған ыстық су жүргізілгенін айтты.

Жарыссөзге шыққандар: Бөбекжай меңгерушісі С.Байымбетов сөйлеп, балалардың күнделікті тазалығын,тырнақтарының өспеуін,шаштарының тазалығын қарауды тапсырды.Қолдарын таза жууды, антисептик қолдануды, бір реттік сүлгіні дұрыс пайдалануды қадағалау керектігін айтты..

Сөйледі: күн тәртібіндегі екінші мәселе бойынша бөбекжайдың музыка жетекшісі Е.Жолдас сөйлеп, «Алтын күз» мерекесінің ертеңгілігінің мақсаттарымен, өткізілу барысымен таныстырды.Сценарий бойынша балалар қандай әндер айтып,билер, тақпақтар,ойындар

Әкімшілік жиналыстың мәжіліс хаттамасы

№4 хаттама

Өткізілген орны: ЖШС «Ақбастау» бөбекжай балабақшасы

Өткізілген күні: 15 - желтоқсан. 2022 - жыл.

Қатысқандар: Бөбекжай меңгерушісі С.Байымбетов, әдіскер, медбике, шаруа меңгерушісі, балабақша тәрбиешілері және тәрбиеші көмекшілері

Қатыспағандар саны: жоқ

Күн тәртібінде қаралатын мәселе:

1. Балалардың мәдени-гигиеналық талаптарының орындалуы. Жедел бақылау.
2. Қыс мезгіліндегі балалардың жарақаттанбауына ескерту шараларымен таныстыру, нұсқаулықтар беру
3. Барлық топтағы жаңа – жылдық ертеңгіліктер сценарийін бекіту
4. "Әке - ана - бала" отбасылық спорттық сайысының қорытындысы

Тыңдалды: Жиналысты бөбекжай меңгерушісі С.Байымбетов ашып беріп, күн тәртібінде қаралатын мәселелермен таныстырды.

Сөйледі: күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша бөбекжай медбикесі У.Бегимбаева сөйлеп, балалардың мәдени-гигиеналық талаптарының орындалуы атты жедел бақылау жүргізілгенін айтып қорытындылады. Қазіргі карантин талаптарын орындау бойынша нұсқаулықта көрсетілген талаптарды орындалуы жайлы айтты. Балалардың тамақ алдында, дәреттен соң қолдары жуылады. Қол сүрткіштер бір рет қолдануға арналған саны жеткілікті. Балалардың тазалықтары күнделікті тексеріліп тұр. Топтардың, жатын бөлмелердің, асхананың тазалықтары тексерілгенін, бақыланғанын айтты. Күнделікті ылғалды тазалау, аптасына күрделі тазалау жұмыстары жүргізілуде деді. Мәдени-гигиеналық талаптарды орындамай қалған қызметкерлерге дер кезінде ескертулер беріліп, түзетілді деп айтты. Сонымен қатар әр топта ыдыс аяқ жууға арналған ыстық су жүргізілгенін айтты.

Сөйледі: күн тәртібіндегі екінші мәселе қыс мезгіліндегі балалардың жарақаттанбауына ескерту шараларымен таныстыру, нұсқаулықтар беру туралы бөбекжай медбикесі У.Бегимбаева сөйледі. Балабақша қызметкерлерін балалардың қыс мезгілінде жарақаттанбауы үшін қандай нұсқаулықтарды сақтау керектігін айтып, ережемен таныстырды. Балаларды серуенге алып шығар алдында ойын алыңының, жолдардың мұз қатып, сырғанақ болмауын, шатырлаардан мұз тамшыларының құлау қаупінің жоқ екендігіне көз жеткізіп, міндетті түрде тексеріп шығу керек. Балалардың қауіпсіздік ережесінің сақталуы үшін ғимаратқа жақын жерде ойнатпау керек деді. Балаларды қыс мезгіліне сай жылы, әрі ыңғайлы, аяқ киімдері сырғанақ болмауы керектігі туралы ата - аналармен сөйлесуге кеңес берді.

Жарыссөзге шыққандар: тәрбиеші Г.Еримбетова сөйлеп, қыс мезгілінде балаларды серуенге алып шыққанда балаларды киіндіруге кіші топтарға көп уақыт кететіндіктен, пән мұғалімдері киіндіруге көмек берсе деген ұсыныс айтты. Ұсынысты қызметкерлер түгел қолдады.

Сөйледі: күн тәртібіндегі үшінші мәселе бойынша музыка жетекшісі Е.Жолдас сөйлеп, барлық топтағы жаңа – жылдық ертеңгіліктердің

Әкімшілік жиналыстың мәжіліс хаттамасы

№5 хаттама

Өткізілген орны: ЖШС «Ақбастау» бөбекжай бала-бақшасы

Өткізілген күні: 09.01.2023 жыл.

Қатысқандар: Бөбекжай меңгерушісі С.Байымбетов, әдіскер, медбике, шаруа меңгерушісі, балабақша тәрбиешілері және тәрбиеші көмекшілері

Қатысқандар саны: 15

Қатыспағандар саны: 0

Күн тәртібінде қаралатын мәселе:

1. Барлық топтағы жаңа – жылдық ертеңгілік қорытындысы
2. Табиғат бұрышының жағдайы

Тыңдалды: Меңгеруші жанындағы кеңесті бөбекжай меңгерушісі С.Байымбетов ашып беріп, күн тәртібінде қаралатын мәселелермен таныстырды.

Сөйледі: күн тәртібіндегі бірінші мәселе балабақша А.Сатыбалды сөйлеп, барлық топтағы жаңа – жылдық ертеңгіліктердің өткізілу барысымен таныстырды. Жаңа жылдық ертеңгіліктерге Аяз ата, Ақшақар, Жаңа жыл, Мыстан кемпір, Мысық т.б. ертегі кейіпкерлері ертегі желісі бойынша сценариймен қатысып, қызықты өтуіне әсерін тигізді. Кейіпкерлер ойындар ойнатып, тапсырмалар орындатып, ертегі оқиғасы бойынша жүргізілгені балаларға қызықты болды.

Жарыссөзге шыққандар: тәрбиеші Ш.Исабек сөйлеп, Жаңа жылдық ертеңгіліктер әрине көңілді, қызық өтілді. Ертеңгіліктердің өтілуін жақсы деп бағалады.

Тәрбиеші Б.Коспакова Жаңа жыл ертеңгіліктері балаларға көтеріңкі көңіл - күй қуаныш сыйлайтындай жақсы дәрежеде өтілді деді. Жақсы деп бағалайтынын айтып өтті.

Бөбекжай меңгерушісі С.Байымбетов сөйлеп ертеңгіліктердің өтілу барысы туралы айтып, қорытындылады. Ата - аналар еңбегімізді бағалап алғыс айтқанын және бұдан да жоғары дәрежеде өтуге ұсыныс айтты.

Сөйледі: күн тәртібіндегі екінші мәселе бойынша бөбекжай **әдіскері** А.Сатыбалды сөйлеп, бөбекжайдағы табиғат бұрышының жағдайы туралы айтты. Барлық топтардың табиғат бұрышында бөлме гүлдері, гүлдерді күтіп баптайтын құрал - жабдықтар, жыл мезгілін, ауа - райын бақылайтын стендтер бар. Балаларды еңбекке баулуда тәрбие жұмыстары кезінде табиғат бұрышында кезекшілік бойынша еңбекке баулу жұмыстары жүруде деді. Алайда тірі жануарлар бұрышы жоқ, яғни құстар, тышқандар, балықтар т.б. жоқ болып тұр. жануарлар бұрышын қалай ұйымдастырсақ деген ұыныс айтты.

Жарыссөзге шыққандар: Г.Еримбетова табиғат бұрышына арнайы қаржы бөлінбегендіктен жасай отыра алмағандарын және әрине тірі бұрыш болса балаларды еңбекке тәрбиелеп қана қоймай, табиғатқа қамқор болуға үйренер еді деді. Тірі бұрыш жасауға қамқоршылық кеңеске ұсыныс тастап,

демеушілер тарапынан ұйымдастырсақ деген ұсыныс айтты. Ұсынысты басқа педагогтар түгел қолдады.

Әкімшілік жиналыстың шешімі:

1. Барлық топтардағы жаңа – жылдық ертеңгіліктердің қорытындысы "жақсы" деп бағалансын.
2. Табиғат бұрышындағы тірі бұрыштарды Қамқоршылық кеңеске ұсыныс тасталып, демеушілер тарапынан ұйымдастырылып, жұмыстар жүргізілсін.

төрайымы

Хатшы:




С.Байымбетов

А.Сатыбалды

Әкімшілік жиналыстың мәжіліс хаттамасы

№6 хаттама

Өткізілген орны: ЖШС «Ақбастау» бөбекжай бала-бақшасы

Өткізілген күні: 06- ақпан . 2023 - жыл.

Қатысқандар: Бөбекжай меңгерушісі С.Байымбетов, әдіскер, медбике, шаруа меңгерушісі, балабақша тәрбиешілері және тәрбиеші көмекшілері

Қатысқандар саны: 15

Күн тәртібінде қаралатын мәселе:

- 1.«Армысың, Қарлы қыс» ойын – сауықтарын талқылау
2. Тамақ әзірлейтін орынның санитарлық жағдайы,тамақтың сапасын бақылау
3. Балалардың шығармашылық жұмыстарын талдау

Тыңдалды: Меңгеруші жанындағы кеңесті бөбекжай меңгерушісі С.Байымбетов ашып беріп, күн тәртібінде қаралатын мәселелермен таныстырды.

Сөйледі: күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша бөбекжайдың әдіскер А.Сатыбалды сөйлеп, «Армысың қарлы қыс!» ойын – сауығының мақсатымен, өткізілу барысымен таныстырды. Ойын – сауыққа Аққала, Сайқымазақ келіп сценарий бойынша қатысып, ойын - сауықтың қызықты өтуіне әсерін тигізгенін, кейіпкерлер қысқы ойындар ойнатып, жарыстар жүргізілгені балаларға қызықты болғанын айтты. Балаларды таза қысқы ауада шынығып қана қоймай, қыс мезгілінің ерекшеліктерін танып, табиғатты қорғауға деген ынталары оянғанын айтты.

Жарыссөзге шыққандар: тәрбиеші Г.Мұхамбек сөйлеп, қыс мезгіліне арналған ойын – сауықтың қызықты өткенін, балалармен шанамен сырғанап, қармен ойнап денсаулықтарын шынықтырды, әрі көңіл – күйлері көтеріліп қалды деді. Ойын – сауықтың өтілуін жақсы деп бағалады.

Тәрбиеші Б.Коспакова ойын – сауықтың ұйымдастырылуы талапқа сай болғанын және таң қалдыру сәтіне Аққала келіп ойындар ойнатып, қызықтырғаны жақсы болды деп айтты. Қорытындысын жақсы деп бағалайтынын айтып өтті.

Сөйледі: күн тәртібіндегі екінші мәселе бойынша бөбекжай кәсіподақ комитетінің төрайымы Б.Коспакова сөйлеп, тамақ әзірлейтін орынның санитарлық жағдайы,тамақтың сапасын кәсіподақ мүшелерінің бақылауларының нәтижесін айтты.Асхананың тазалығы талапқа сай. Ет турайтын, нан, салаттар турайтын тақтайшалар, ыдыс – аяқтар таңбаланып,бәрі дезинфекцияланып ережеге сай жуылады.Аспаздардың, асхана жұмысшысының киім формалары бар екенін, әр топқа берілетін тамақтардың таратылу кестесі құрылған, бірақ тәрбиеші көмекшілері кей уақытта өз уақытынан ерте келіп тұратынын айтып, уақтылы тамақ алуға ескерту берілгенін айтып өтті.

Сөйледі: күн тәртібіндегі үшінші мәселе бойынша бөбекжайдың әдіскері А.Сатыбалды сөйлеп, балалардың шығармашылық жұмыстарына талдау жасады. Балалардың шығармашылық жұмыстары оқу қызметі өтіліп, қорытынды жасалып болған соң, ата – анаға көрінетіндей жерде жасалынған көрмеге ілінетінін және келесі оқу қызметіне дейін ілулі тұратынын

айтты. Балалардың шығармашылық жұмыстары тігіліп, қай күні өтілгені, қанша бала қатысқаны жазылып тігіліп қойылғанын айтты. Әр топта балалар жұмыстарының жинақталуы бақыланып, нәтижесін жақсы деп бағалады.

Әкімшілік жиналыстың шешімі:

1. «Армысың, Қарлы қыс» ойын – сауығы өз дәрежесінде жақсы өтілді деп бағалансын.

2. Тамақ әзірлейтін орынның санитарлық жағдайы талапқа сай сақталынсын.

3. Балалардың шығармашылық жұмыстары көрмеге ілініп, тігіліп, жинақталу жалғастырылсын.

төрайымы
Хатшы:



С.Байымбетов
А.Сатыбалды

Әкімшілік жиналыстың мәжіліс хаттамасы

№7 хаттама

Өткізілген орны: ЖШС «Ақбастау» бөбекжай балабақшасы

Өткізілген күні: 09 - наурыз . 2023 - жыл.

Қатысқандар: Бөбекжай меңгерушісі С.Байымбетов, әдіскер, медбике, аспаздар ,балабақша тәрбиешілері және тәрбиеші көмекшілері

Қатысқандар саны: 15

Күн тәртібінде қаралатын мәселе:

1. «Аяулы анашым»,«Жыл басы - Наурыз» мерекелерінің сценарийлерін бекіту
2. Азаматтық қорғанысқа байланысты жүргізілген іс – шаралар барысы
3. Балабақшада санитарлық – гигиеналық тәртіптің орындалуы
4. Тақырыптық бақылау. МАД «Күншуақ» тобындағы кешенді бақылау қорытындысы

Тыңдалды: Әкімшілік жиналысты бөбекжай меңгерушісі С.Байымбетов ашып беріп, күн тәртібінде қаралатын мәселелермен таныстырды.

Сөйледі: күн тәртібіндегі бірінші мәселе балабақша А.Сатыбалды сөйлеп, «Аяулы анашым» «Ұлыстың ұлы күні - Наурыз» мерекесі ертеңгілігінің сценарийлерімен таныстырды. Аяулы анашым, Наурыз ертеңгіліктерінде балалар қандай өнер түрлерін көрсететінін, қандай әндер, билер орындайтынын және қандай ертегі кейіпкерлері, Қызыр баба, Наурыз қыз кімдер болатыны жайлы ақылдасты.Қазақ халқының ертегі желісі бойынша, салт – дәстүрлерді көрсетіп, балаларға ұлттық құндылықтарымызды көріністер ретінде балаларды қатыстырып көрсетсек деп жоспарлап отырғанын айтты. Педагогтарға ертеңгіліктердің сценарийлері ұнап, ойларын айтып келісті.

Жарыссөзге шыққандар: әдіскер А.Сатыбалды сөйлеп, Қызыр бабаның сыйлығы ретінде ұлттық бұйымдардан ойыншық немесе ұлттық бұйым берілсе деген ой айтты.Аяз атаны күткендей балалар Қызыр бабаны күтіп, сағынып, Наурыз мерекесінің мәнін түсініп жүрсе нұр үстіне нұр болар еді деген ұсыныс айтты. Бұл ұсынысты педагогтар түгел қолдады.

Тәрбиеші Г.Еримбетова сөйлеп, Наурыз мерекесінің өткізілу күндері туралы сұрақ қойып, сұрағына жауап алды.

Меңгерушісі С.Байымбетов сөйлеп, еліміздегі шектеу шараларына байланысты ертеңгілікке ата – аналардың қатыспайтынын және балалардың көрсеткен өнерлерін ата – аналардың чатына салуды тапсырды.

Сөйледі: күн тәртібіндегі екінші мәселе бойынша бөбекжайдың шаруа меңгерушісі С.Байымбетов сөйлеп, азаматтық қорғанысқа байланысты өткізілетін іс – шаралармен таныстырды.Бөбекжайда әр оқу жылының басында азаматтық қорғанысқа байланысты іс – шаралар жоспары түзіліп, жер сілкінісі, су тасқыны, боран соғуы, өрт шығу қаупі т.б. төтенше жағдайлар болғанда қалай сақтану, адамдарды қауіпсіз жерге орналастыру және қауіпті жағдайда кімдер неге жауапты болатынынын айтып берді.Апат кезіндегі сыртқа шығу картасымен таныстырды. Сонымен қатар балалармен бөтен адамдарен

Әкімшілік жиналыстың мәжіліс хаттамасы

№8 хаттама

Өткізілген орны: ЖШС «Ақбастау» бөбекжай балабақшасы

Өткізілген күні: 04 - сәуір . 2023 жыл.

Қатысқандар: Бөбекжай меңгерушісі С.Байымбетов, әдіскер, медбике, аспаздар ,балабақша тәрбиешілері және тәрбиеші көмекшілері

Қатысқандар саны: 15

Күн тәртібінде қаралатын мәселе:

- 1.Наурыз мерекесінің қорытындысы
2. Көктем мезгіліндегі учаскедегі жұмыстар
- 3.Топтардағы педагогикалық процесс пен оқу қызметіне даярлықты бақылау

Тыңдалды: Әкімшілік жиналысты бөбекжай меңгерушісі С.Байымбетов ашып беріп, күн тәртібінде қаралатын мәселелермен таныстырды.

Сөйледі: күн тәртібіндегі бірінші мәселе А.Сатыбалды сөйлеп, «Қош келдің Наурыз!» мерекесіне арналып өтілген ойын – сауықтың қорытындысын айтып өтті.Сценарийде жоспарланған ойындардың барлығы кейіпкерлердің қатысуымен өткізілгенін және балаларға ұнағанын, көңілді болғанын айтты.Сонымен бірге Наурыздың мән – мағынасы таныстырылып, Қызыр баба келіп, балаларға батасын берді деді.

Жарыссөзге шыққандар: бөбекжайдың әдіскері А.Сатыбалды сөйлеп, Ұлыстың ұлы күні – Наурыз мерекесіне арналған «Қарлығаш» бөбекжайында өткізілетін «Қош келдің – әз Наурыз!» мерекелік іс – шара жоспары аясында Ұлттық салт – салт – дәстүрімізді дәріптеу, бөбекжай бүлдіршіндеріне Наурыз мерекесінің құндылығын түсіндіру, Қазақстан жерінде достық пен бейбітшілікті нығайту, ұлттық бірегейлікті сақтау, отбасылық құндылықтарды дәріптеу, қоршаған ортаға, табиғатқа ұқыпты қарауды қалыптастыру мақсатында өткізілгенін айтты.

Тәрбиеші Ш.Исабек Ұлыстың ұлы күніне балалар ұлттық ойындар ойнап, салт – дәстүр туралы білуге қызығушылықтары оянды деп санаймын деді.Сонымен қатар салт – дәстүрдің көріністерін балаларға көрсеткені дұрыс болды деп санаймын деді..

Сөйледі: күн тәртібіндегі екінші мәселе бойынша бөбекжайдың шаруа меңгерушісі С.Байымбетов сөйлеп, көктем мезгіліндегі жұмыстардың барысымен таныстырды.Гүл егетін клумбалар аударылып өңделу, гүлдер егу, ағаштардың түбін қопсытып әктеу т.б. жұмыстарды бірлесіп істеп, бөбекжай ауласын көркейтуге шақырды.

Жарыссөзге шыққандар: бөбекжай меңгерушісі С.Байымбетов бөбекжай ауласы гүлденіп тұрса, балаларға да, ата- аналарға, қызметкерлерге қандай жақсы көңіл – күй сыйлайтынын айтты.

Сөйледі: күн тәртібіндегі үшінші мәселе бойынша әдіскер А.Сатыбалды Топтардағы педагогикалық процесс пен оқу қызметіне даярлықты бақылау туралы айтты. Бақылау педагогикалық қателіктердің алдын алу және кемшіліктерді жою үшін жүргізілетінін айта келе ,күнделікті оқу қызметтерінің

өткізілуін бақылап жүргенін айтты. Оқу қызметтері оқу қызметтерінің кестесіне сай барлық топта өткізілуде. Алайда кейбір тәрбиешілердің оқу қызметіне дайындығы төмен болған жағдайлар кездеседі. Ол тәрбиешіге сол уақытта ұсыныс, ескерту айтылады.

Меңгеруші алдындағы кеңестің шешімі:

1. Наурыз мерекесі не арналған ойын – сауық қорытындысы жақсы деп бағалансын.
2. Көктем мезгіліндегі учаскедегі жұмыстар бойынша кесте құрылып, жұмыстар жүргізілсін.
3. Топтардағы педагогикалық процесс пен оқу қызметіне даярлықты бақылау жалғастырылсын.

Төрайымы

Хатшы:



С.Байымбетов

А.Сатыбалды

Әкімшілік жиналыстың мәжіліс хаттамасы.

№9 хаттама

Өткізілген орын: ЖШС «Ақбастау» бөбекжай бала-бақшасы

Өткізілген күні: 26 – мамыр 2023 - жыл.

Қатысқандар: Бөбекжай меңгерушісі С.Байымбетов, әдіскер, медбике, балабақша тәрбиешілері және тәрбиеші көмекшілері

Қатысқандар саны: 15

Күн тәртібінде қаралатын мәселе:

1. «Жол тәртібін білейік, аман - есен жүрейік» жұмысының нәтижесі
2. Бөбекжаймен қоғамдастыру ертеңгілінің өтілуі және дайындығы
3. «Балаларды қорғау күнін» ұйымдастыру мен өткізу
4. Жаз мезгілінің жол ережелері мен күн тәртібін бекіту

Жазғы сауықтық шаралары:

- бассейнмен жол ережелерін таныстыру;
- Құмсалғышпен ойындарды құммен толтыру

Тағамның сапасын бақылау.

Тыңдалды: Меңгеруші жанындағы кеңесті бөбекжай меңгерушісі С.Байымбетов ашып беріп, күн тәртібінде қаралатын мәселелермен таныстырды.

Сөйледі: күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша ересек «Ботақан» тобының тәрбиешісі Г.Еримбетова «Жол тәртібін білейік, аман - есен жүрейік» жұмысының мақсатымен таныстырып өтті. Таң қалдыру сәтіне Дымбілмес жол ережесін бұзғанын жол сақшысы келіп балаларға және Дымбілмеске жол тәртібі туралы, жол ережелерін сабақ абай болу керек екені туралы түсіндіріп өткенін және жол тәртібіне байланысты қандай ойындар, жарыстар өтілгенін атап көрсетті. Бүгінгі өтілген ойын-сауық балаларға қандай жол ережелерімен таныстарғанын, қандай көрнекіліктер, жол ережелерінің белгілерін қолданғанын айтты.

Жарыссөзге қатысқандар: тәрбиеші Б.Коспакова ойын-сауыққа көрнекіліктер, жол ережелеріне байланысты ойындар, жол белгілері орынды қолданып, мақсатын жетті деп ойлаймын.

Тәрбиеші Г.Мамбек «Жолда жүру ережесі» жұмысында балалар жол тәртібінің ережелерін біледі, жолдан, ақжолдан, бағдаршамнан өткенде абай болу керек екенін және өмірлерінің қауіпсіздігі үшін жол тәртібін сақтау керек екендерін түсінді деп ойлаймын. Балалар өте белсенді, қызығушылықпен ойын-сауыққа қатысты деп айтып өтті.

Сөйледі: күн тәртібіндегі екінші мәселе бойынша Мектепалды даярлық «Балдырған» тобының тәрбиешісі Ш.Исабек сөйлеп, «Қош бол, сүйікті балабақшам!» ертеңгілінің сценариймен, барысымен таныстырды. Ертеңгілікте балалармен жыл бойы дайындаған өнерлерін, билерін, әндерін, тақпақтарын айтып, қызықты ойындар ойнап, бөбекжайдың барлық қызметкерлеріне алғыстарын білдірді.

Жарыссөзге шақырғандар: даярлық «Күншуақ» тобының тәрбиешісі Ш.Исабек сөйлеп, ертеңгілікке балалардың мектепке дайын екендерін көрсету мақсатында математика негіздері ұйымдастырылған оқу қызметінен әртүрлі тапсырмалар орындап, дидактикалық ойындар қосылатынын айтты.

Сөйледі: күн тәртібіндегі үшінші мәселе бойынша әдіскер А.Сатыбалды сөйлеп, 1 маусым балаларды қорғау күніне арналған «Мен бақытты балдырған» атты ертеңгілігі бөбекжайдың ауласында өткізілсе деген ұсыныс білдірді. Ертеңгілік сценариймен таныстырып, билер, әндер, түрлі қызықты ойындар ойнатылатынын айтып өтті.

Жарыссөзге шақырғандар: бөбекжай әдіскері А.Сатыбалды «1-маусым балаларды қорғау күніне» арналған ертеңгіліктің бөбекжай ауласында өтетінін, санитариялық талаптарды, ара қашықтықты қатаң сақтай отырып, барлық балалары қатысатынын және бүлдіршіндерге бөбекжай әкімшілігі тарапынан сыйлықтар, дәрумендер берілетінін айтып өтті. Педагогтар ұсыныстарды түгел қабылдады.

Сөйледі: күн тәртібіндегі төртінші мәселе бойынша бөбекжай әдіскері А.Сатыбалды жаз мезгілінің жоспарымен, күн тәртібімен, жаз мезгілінде өтілетін сауықтыру шараларымен таныстырды.

Педагогтар бекітілгенін деп бір ауыздан қолдады.

Жарыссөзге шақырғандар: шаруа меңгерушісі С.Байымбетов жаз мезгіліндегі тағамның сапасымен әртүрлілігі туралы, жаз мезгіліндегі сауықтыру шараларына дайындық жүргізіліп жатқанын және учаскедегі құмсалғыштар құммен толтырылатынын жаз мезгіліне дайындықтар жүргізіліп жатқанын айтты.

Әкімшілік жиыналыстың шешімі:

1. «Жол тәртібі білейік, аман - есен жүрейік» жұмысының нәтижесі жақсы деп бағаланды.
2. Бөбекжаймен қоштасу ертеңгілінің дайындығы жүргізіліп, сценарийі бекітілсін.
3. «1 маусым - балаларды қорғау күніне» арналған ертеңгіліктің сценарийі бекітілсін.
4. Жаз мезгілінің жоспары мен күн тәртібі мен жоспары бекітілсін, жазғы сауықтыру шараларына арналған жұмыстар жүргізілсін.

Төрайымы
Хатшы:



С.Байымбетов
А.Сатыбалды